



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАЛДАУ

**Бағдарламалық аккредиттеу бойынша
сыртқы сарапшылар тобының есептерін
талдау**

Құрастырушылар:

Ш.М. Каланова,

Г.Т. Жумадилова,

М.М. Мырзахмет

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ	3
1.1 Аккредиттелген оқу бағдарламаларына жалпы шолу.....	3
1.2 Парето-талдауының нәтижелері.....	8
1.3 Аккредиттеу стандарттары бойынша типтік ескертулер.....	13
1.4 Сарапшылардың аккредиттеу стандарттары бойынша ұсынымдары.....	15
1.5 Жоғары оқу орындарының оң тәжірибесі	19
ҚОРЫТЫНДЫ	23

КІРІСПЕ

Жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларының сапасы – бәсекеге қабілетті адам капиталы мен жоғары білім беру жүйесінің тұрақты дамуының негізгі факторы. Осы жағдайда оқу бағдарламаларын аккредиттеу мазмұнды, оқыту әдістерін және оқу бағдарламаларын жүзеге асыру жағдайларын жетілдіруге бағытталған дамудың мүмкіндіктерін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Аталған тақырыптық талдау 2024 жылы жүргізілген оқу бағдарламаларын аккредиттеу нәтижелерін жалпы қорытындылау, сәйкессіздіктерді (ескертпелер негізіндегі проблемалық салаларды) анықтау, жақсарту бойынша сарапшылар ұсынымдарын қарастыру, сондай-ақ ЖОО-лардың оң тәжірибелерін көрсету мақсатында жүргізілді. Талдау сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есептерде ұсынылған сыртқы сарапшылар топтарының қорытындыларына бағытталған және бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура деңгейлері бойынша 516 оқу бағдарламасын қарастырады.

Талдаудың міндеттері:

- Аккредиттеу стандарттарының қайсысы тәжірибеде ең көп ескертулерге себеп болып, ең бірінші назар аударуды қажет ететінін анықтау.
- Сыртқы сарапшылар тобының типтік ескертулері мен ұсынымдарын анықтап, жүйелеу;
- Білім берудің қай деңгейлерінде бағдарламалардың ең үлкен үлесі аккредиттеу стандарттарына толық сәйкес келетінін анықтау;
- Басқа жоғары оқу орындарында да енгізуге болатын таңдаулы оң тәжірибелерді көрсету;
- Аналитикалық ақпаратты қоғамға ұсыну.

Бағдарламаларды жүзеге асырудағы проблемалық салаларды анықтау үшін Парето талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс бағдарламаларды жүзеге асыруда қай салалар ең алдымен аса зор назар мен ресурстарды қажет ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Аталмыш талдаудың нәтижелері жоғары оқу орындарында түзету шараларын жоспарлауда және сарапшыларға сыртқы сапарларға дайындық кезінде бағдар бола алады.

1. АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ


1.1. Аккредиттелген оқу бағдарламаларына жалпы шолу

Талдау аясында 25 жоғары оқу орнының оқу бағдарламаларын аккредиттеу қорытындылары бойынша 2024 жылғы 412 сыртқы сарапшылар тобының есептері қарастырылды (1-кесте). Білім беру деңгейлері бойынша барлығы 516 оқу бағдарламасы зерттелді: бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура (1-сурет).

1-кесте. Оқу бағдарламаларын аккредиттеуге ұсынған жоғары оқу орындары

№.	Жоғары оқу орны
1.	АЛТ Мұхаметжан Тынышбаев атындағы Университет
2.	Алматы технологиялық университеті
3.	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
4.	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
5.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

6.	Инновациялық Еуразия Университеті
7.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
8.	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті
9.	Қ. Құлажанов атындағы технология және бизнес университеті
10.	Қазақстан-Американдық еркін университеті
11.	Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
12.	Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті
13.	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
14.	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
15.	Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
16.	Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті
17.	Халықаралық инженерлік-технологиялық университет
18.	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
19.	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты
20.	Қырғызстан Халықаралық Университеті
21.	Торайғыров университеті
22.	Нархоз университеті
23.	Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
24.	Астана халықаралық университеті
25.	"Тұран Астана" университеті



1-сурет. 2024 жылы аккредиттелген бағдарламалар саны.

Сараптама нәтижесінде 95 даярлау бағыты айқындалып, олар дайындық деңгейлері бойынша бөлінді:

- бакалавриат, 39 даярлау бағыты, 11 білім беру саласы;
- магистратура және резидентура, 36 даярлау бағыты, 12 білім беру саласы;
- докторантура, 20 даярлау бағыты, 10 білім беру саласы.

2–4 кестелерде оқу бағдарламаларының дайындық бағыттары бойынша қамтылуы көрсетілген.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша ең көп қамтылған бағыттар мыналар: «Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары» (68 бағдарлама), «Педагогикалық ғылымдар» (50 бағдарлама), «Бизнес, басқару және құқық» (31 бағдарлама) және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (24 бағдарлама).

2-кесте. Даярлау бағыттары бойынша аккредиттелген бакалавриат бағдарламалары

Білім беру саласы	Даярлау бағыты	Саны
6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология	2
	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	3
	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	1
	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	9
	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	22
	6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	2
	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	5
	6B018 Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау	1
	6B019 Арнайы педагогика	3
	6B020 Кәсіптік оқыту (бейіні бойынша)	2
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	13
	6B022 Гуманитарлық ғылымдар	7
	6B023 Тілдер және әдебиет	7
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6B031 Әлеуметтік ғылымдар	11
	6B032 Журналистика және ақпарат	7
6B04 Бизнес, басқару және құқық	6B041 Бизнес және басқару	22
	6B042 Құқық	9
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	8
	6B052 Қоршаған орта	4
	6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	5
	6B054 Математика және статистика	3
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	22
	6B062 Телекоммуникациялар	1
	6B063 Ақпараттық қауіпсіздік	1
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс	28
	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	24
	6B073 Сәулет және өңдеу салалары	11

	6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	5
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Агрономия	5
	6B082 Мал шаруашылығы	2
	6B084 Балық шаруашылығы	1
	6B086 Су ресурстары және суды пайдалану	1
	6B087 Агроинженерия	2
6B09 Ветеринария	6B091 Ветеринария	3
6B10 Денсаулық сақтау	6B101 Денсаулық сақтау	2
6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	10
	6B112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	4
	6B113 Көлік қызметтері	5
	6B114 Әлеуметтік жұмыс	3

2-кестеде көрсетілгендей, магистратура бағдарламалары да ең көп қамтылған үш білім беру саласына жатады: «Педагогикалық ғылымдар» (37 бағдарлама), «Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары» (35 бағдарлама) және «Бизнес, басқару және құқық» (32 бағдарлама).

3-кесте. Даярлау бағыттары бойынша аккредиттелген магистратура және резидентура бағдарламалары

Білім беру саласы	Даярлау бағыты	Саны
7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M011 Педагогика және психология	3
	7M012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	2
	7M013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау	1
	7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау	3
	7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	17
	7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау	2
	7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	6
	7M018 Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау	1
	7M019 Арнайы педагогика	2
7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	5
	7M022 Гуманитарлық ғылымдар	5
	7M023 Тілдер және әдебиет	4
7M03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	7M031 Әлеуметтік ғылымдар	12
	7M032 Журналистика және ақпарат	5
	7M041 Бизнес және басқару	23

7M04 Бизнес, басқару және құқық	7M042 Құқық	9
7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	7M051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	5
	7M052 Қоршаған орта	4
	7M053 Физикалық және химиялық ғылымдар	5
	7M054 Математика және статистика	2
7M06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	7M061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	16
7M07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	7M071 Инженерия және инженерлік іс	16
	7M072 Өндірістік және өңдеу салалары	8
	7M073 Сәулет және құрылыс	7
	7M075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	4
7M08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	7M081 Агрономия	2
	7M082 Мал шаруашылығы	1
	7M084 Балық шаруашылығы	1
	7M087 Агроинженерия	1
7M09 Ветеринария	7M091 Ветеринария	1
7M10 Денсаулық сақтау	7M101 Денсаулық сақтау	2
7M11 Услуги	7M111 Қызмет көрсету саласы	4
	7M112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	2
	7M113 Көлік қызметтері	1
	7M114 Әлеуметтік жұмыс	2
7R01 Денсаулық сақтау	7R011 Денсаулық сақтау	10

Көрсетілген жоғары оқу орындарындағы докторантура бағдарламалары көбінесе «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (18 бағдарлама) және «Педагогикалық ғылымдар» (10 бағдарлама) бағыттары бойынша ұсынылған.

4-кесте. Даярлау бағыттары бойынша аккредиттелген докторантура бағдарламалары

Білім беру саласы	Даярлау бағыттары	Саны
8D01 Педагогикалық ғылымдар	8D011 Педагогика және психология	2
	8D012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	1
	8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау	1
	8D014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау	1
	8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	3

	8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	1
	8D019 Арнайы педагогика	1
8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D022 Гуманитарлық ғылымдар	2
8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	8D032 Журналистика және ақпарат	1
8D04 Бизнес, басқару және құқық	8D041 Бизнес және басқару	4
8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	8D051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	3
	8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар	1
8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	4
8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	8D071 Инженерия және инженерлік іс	11
	8D072 Өндірістік және өңдеу салалары	5
	8D073 Сәулет және құрылыс	1
	8D075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	1
8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	8D084 Балық шаруашылығы	1
8D10 Денсаулық сақтау	8D101 Денсаулық сақтау	1
8D11 Қызмет көрсету	8D112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	1

1.2 Парето-талдауының нәтижелері

Сыртқы сараптамалық топтардың есептеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының тиімділігіне неғұрлым қатты әсер ететін проблемалық салаларды анықтау және оларға басымдық беру үшін тиісті аккредиттеу стандарттарына сүйене отырып, бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздіктерге Парето-талдауы жүргізілді.

Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттары:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару.

Стандарт 3. Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау.


Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам.


Стандарт 6. Оқыту ресурстары және студенттерді қолдау.

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру.

Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша сәйкессіздіктердің Парето - талдауы (2-сурет) ең көп сәйкессіздік (72%) төрт стандартқа шоғырланғанын көрсетеді: «Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау», «Профессорлық-оқытушылық құрам», «Оқыту ресурстары және студенттерді қолдау» және «Қоғамға ақпарат беру». 3-сурет аккредиттеу стандарттарына сәйкестік деңгейлерін көрсетеді; ең жоғарғы сәйкестік 1-стандарт бойынша – «Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық» саласында байқалады.



2-сурет. Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздіктерді Парето-талдау



3-сурет. Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарының сәйкестік деңгейлері

Резидентура бағдарламасы бойынша аккредиттеу стандарттары:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару.

Стандарт 3. Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау.

Стандарт 4. Резиденттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау.


Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам.

Стандарт 6. Оқыту ресурстары және студенттерді қолдау.


Стандарт 7. Білім алушылардың оқу үлгерімін және бағдарламаны бағалау.

Стандарт 8. Менеджмент және ақпаратты басқару.

Парето-талдауына сәйкес (4-сурет), резидентура бағдарламалары бойынша сәйкессіздіктің 72 %-ы екі стандартқа («Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау», «Профессорлық-оқытушылық құрам») келеді, бұл резидентура бағдарламаларын жүзеге асырудағы осал тұсты көрсетеді.



4-сурет. Резидентура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздіктерді Парето-талдау



5-сурет. Резидентура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарының сәйкестік деңгейі

«Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты», «Резиденттерді қабылдау, үлгерімін бағалау, тану және сертификаттау», «Білім алушылардың оқу үлгерімін және бағдарламаны бағалау» сияқты аккредиттеу стандарттарының салаларында сәйкессіздіктердің нөлдік көрсеткіші байқалады. Бұл аталған салаларда талаптардың толық көлемде орындалатынын дәлелдейді (4, 5-сурет).

Докторантура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттары:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасының мазмұны.

Стандарт 3. Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы.


Стандарт 4. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы.

Стандарт 5. Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі.


Стандарт 6. Ресурстар.

Стандарт 7. Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру.

Парето-талдауында көрсетілгендей, докторантура бағдарламаларында үш сала тәуекел аймағы болып табылады: «Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы», «Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы» және «Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру». Сәйкессіздіктердің 80 %-ы осы үш стандартқа тиесілі (6-сурет). Ал «Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық», «Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі» және «Ресурстар» салалары толық және жоғары деңгейде сәйкес келеді (6, 7-сурет).



6-сурет. Докторантура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздіктерді Парето-талдау




7-сурет. Докторантура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарының сәйкестік деңгейлері

Білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылу сапасы туралы тұтас түсінік алу мақсатында білім беру деңгейлері бойынша олардың барлық аккредиттеу стандарттарына толық сәйкестік дәрежесіне қосымша талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі (8-сурет) көрсеткендей:

- Бакалавриат бағдарламаларының 16 %-ы (276-ның ішінен 44) барлық стандарттарға толық сәйкес келетінін көрсетті.
- Магистратурада бұл көрсеткіш сәл жоғары – бағдарламалардың 21 %-ы (184-тің ішінен 39);
- Докторантурада — 17% (46-ның ішінде 8).

Жекелеген табысты тәжірибелердің болуына қарамастан, толық сәйкестіктің жалпы деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып отыр (18%).



8-сурет. Бағдарламалар бойынша барлық аккредиттеу стандарттарына толық сәйкестік

1.3 Аккредиттеу стандарттары бойынша типтік ескертулер

Сыртқы сарапшылар топтарының есептерін талдау бакалавриат, магистратура және резидентура бағдарламалары бойынша аккредиттеу стандарттарына қатысты типтік ескертулерді анықтауға мүмкіндік берді.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасының мазмұны.

- Білім беру бағдарламасын жұмыс берушілермен талқылау нәтижелері білім беру бағдарламасының мазмұнында көрініс табуы тиіс. Білім беру бағдарламасына жұмыс берушілер тарапынан рецензия жасалмайды (тек ауызша талқылаумен шектеледі).
- Білім алушылар мен жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу деңгейі төмен. Жұмыс берушілердің, түлектердің және басқа да мүдделі тараптардың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысқанын растайтын дәлелдер жоқ. Жұмыс берушілер, түлектер және басқа да мүдделі тараптар білім беру бағдарламасын әзірлеуге толыққанды қатыспайды.
- Бакалавриат пен магистратурадағы кейбір оқу пәндерінің силлабустары мазмұны жағынан бірдей.
- Цифрлық және аналитикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында оқу процесінде заманауи цифрлық оқыту бағдарламалары қолданылмайды.
- Университеттің даму стратегиясына сәйкес даму жоспарына білім беру бағдарламасын іске асыру барысында туындауы мүмкін тәуекелдердің атаулары, оларды қабылдамау және (немесе) уақтылы әрекет етпеу жағдайындағы ықтимал салдарлары, сондай-ақ тәуекелдерді басқару тетіктері мен шаралары сипатталған бөлім енгізілмеген.

Стандарт 3. Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау.

- Оқыту процесінде инновациялық әдістер толыққанды пайдаланылмайды.
- Студенттердің оқу процесін басқаруға қатысу деңгейі жеткіліксіз.
- Студенттердің академиялық ұтқырлығының даму деңгейі, сондай-ақ олардың қалалық және республикалық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуы төмен.
- Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізілген «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасының нәтижелеріне талдау жасалмаған.
- Силлабустарда барлық параметрлер мен бағалау барысындағы салмақтық үлес көрсетілген критерийлер жазылмаған.
- Оқыту әдістерінің білім сапасына және құзыреттерді меңгеру деңгейіне әсерін бағалау мақсатында студенттер мен оқытушылар арасында зерттеулер мен сауалнамалар тұрақты түрде жүргізілмейді.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау.

- Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінің теріс динамикасы байқалады.
- Университет сайтында талапкерлер мен барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға арналған ақпарат пен тиісті құжаттамалар уақтылы жаңартылмайды.

- Білім алушылар контингентінің қозғалысы бойынша (оқудан шығу, ауысу, себеп-салдарлық байланыспен академиялық демалыс алу) толыққанды әрі көрнекі статистика толық енгізілмеген.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам.

Стандарт 3. Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы.

- Оқу бағдарламасы бейіні бойынша шақырылған отандық профессорлар саны жеткіліксіз.
- Отандық докторлық диссертация жетекшілерінің және бейіні бойынша білім беру бағдарламасының оқытушыларының біліктілігін арттыру жоқ.
- Штаттық оқытушылардың жоғары рейтингтік журналдардағы жарияланымдары жеткіліксіз, соның салдарынан олар біліктілік талаптарына сәйкес докторанттардың ғылыми жетекшілері бола алмайды. Осы себепті докторанттарға ғылыми жетекшілік ету үшін сыртқы оқытушылар тартылады.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның жарияланым белсенділігі осал. Кейбір кафедра оқытушыларының ғылыми жарияланымдары жоқ. Бейіндік пәндерді жүргізетін профессорлық-оқытушылық құрамның нөлден жоғары импакт-факторы бар индекстелетін журналдарда (Scopus, Web of Science) ғылыми жарияланымдары жоқ.
- Штаттық профессорлық-оқытушылық құрамның бейінді пәндер бойынша ғылыми дәрежеге ие болуы деңгейі төмен.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның ескірген оқулықтарды, оқу құралдары мен әдістемелік материалдарды өзектілендіруде белсенділігі төмен.
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде ғылыми жетекшілік жасауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкессіздік.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлық көрсеткіштері төмен.

Стандарт 4. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы.

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарында (конкурстарға, тендерлерге, қаржыландырылатын жобаларға қатысу) әлеуетті жүзеге асыру деңгейі жеткіліксіз;
- Докторанттардың отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы жеткіліксіз.
- Докторанттардың рецензияланатын шетелдік басылымдардағы жарияланымдық белсенділігі төмен. Бұл докторанттардың сәтті қорғау мүмкіндігін шектеу арқылы бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.
- Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының соңғы кезеңінде – докторлық диссертация жазу барысында кафедра мен ғылыми жетекшілер тарапынан қажетті бөлімдер мен олардың тармақтарының сапасын орындауға бақылау жеткіліксіз жүзеге асырылады.
- Факультеттің зияткерлік әлеуеті зерттеу қызметін жүзеге асыруда толық көлемде пайдаланылмайды.

Стандарт 6. Оқыту ресурстары және студенттерді қолдау.

Стандарт 5. Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі.

Стандарт 6. Ресурстар.

- Білім беру бағдарламасының бейіні бойынша жаңартылған оқу және оқу-әдістемелік әдебиет жеткіліксіз.
- Материалдық-техникалық базаның уақтылы жаңартылуы қадағаланбайды. Лабораториялардың материалдық-техникалық базасының ескіргені байқалады, заманауи жабдықтармен жарақтандырылуы жеткіліксіз. Сондай-ақ зертханалар білім беру

бағдарламасының бейінді пәндері бойынша заманауи құрал-жабдықтармен және макеттермен жеткілікті деңгейде қамтылмаған.

- Бағдарламалық жасақтама жүйелі түрде жаңартылмайды.
- Эдвайзерлер магистранттармен жеке оқу жоспарын әзірлеу бойынша жеткілікті жұмыс жүргізбейді.
- Студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпарат жеткіліксіз деңгейде беріледі.
- Оқыту процесі пәндердің бейініне сәйкес заманауи цифрлық оқыту бағдарламаларымен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген.

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру.

Стандарт 7. Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру.

- Университеттің сайтындағы деректер уақытылы жаңартылмайды және үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) ақпарат берілмеген.
- Білім беру бағдарламасының докторанттарының докторлық диссертацияларын қорғағаны туралы ақпарат берілмеген.

1.4 Сарапшылардың аккредиттеу стандарттары бойынша ұсынымдары

Сыртқы сарапшылар тобының есептерін талдау нәтижесінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру сапасын жақсарту үшін аккредиттеу стандарттары бойынша сарапшылардың **ұсынымдары** да айқындалды:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық.

- Оқыту процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін біріктіру, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ докторанттарда кәсіби құзыреттілік пен этикалық нормаларды қалыптастыру мақсатында өздерінің ғылыми нәтижелерін пайдалану бойынша тұрақты саясат жүргізу.
- Студенттер мен түлектерді білім беру бағдарламасының сапасын бағалауға тұрақты түрде қатыстыру. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын әзірлеуге және мониторинг жүргізуге қатысушылар ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс нәтижелері туралы мерзімді түрде хабардар етілуі тиіс.
- Университет ішіндегі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің құжаттарын жүйелендіру.
- Білім беру бағдарламасын әзірлеуге жұмыс берушілер мен шетелдік жетекші ғалымдарды кеңінен тарту қажет.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның және студенттерді университеттің миссиясы, мақсаттары, сапаны қамтамасыз ету саясаты мен даму перспективаларымен кеңінен таныстыру және олардың стратегиялық даму жоспарын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету.
- Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының университеттің миссиясы мен даму стратегиясын жүзеге асыруға қатысуын жандандыру.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасының мазмұны.

- Білім беру бағдарламасын рецензиялауға жұмыс беруші ұйымдарды тартып, дайындық сапасын арттыруға міндетті ұсынымдар беруін қамтамасыз ету.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары ғылыми-зерттеу әлеуетін ескере отырып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.
- Пәндердің мазмұны мен зерттеу бағыттарын әлемдік және салалық тенденцияларды ескере отырып, тұрақты түрде өзектілендіру қажет.
- Элективті пәндер каталогындағы пәндерді мазмұны бойынша қайталануларды тексеру және қайта қарау.
- Қолданыстағы ынтымақтастық келісімдері негізінде тәжірибе базаларымен жұмысты күшейтіп, түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды қамтамасыз ету. Сонымен қатар, тәжірибе өту үшін ұзақ мерзімді келісімдер жасау мақсатында кәсіпорындар спектрін кеңейту.
- Студенттерді білім беру бағдарламасын әзірлеу және дамытуға белсенді түрде тарту.
- Түлектердің және әлеуетті жұмыс берушілердің белсенді қатысуымен кәсіби пәндердегі практикалық құрамды күшейту.
- Бағдарлама аясында алынған құзыреттіліктерге нақты сұранысты бағалау үшін түлектердің еңбек нарығында жұмысқа орналасуын мониторингтеу жүйесін енгізу.
- Студенттердің кәсіби көзқарасын кеңейту мақсатында, IT-технологияларды қызмет көрсету контекстінде басқа білім салаларымен байланыстыра алатын пәнаралық курстар мен жобалардың дамуына ықпал ету.
- Қорытынды жұмыстардың өзекті тақырыптарын талқылау үшін тұрақты кездесулер мен семинарларды ұйымдастыру.

Стандарт 3. Студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі және бағалау.

- Студенттердің ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында оларды ғылыми үйірмелер (ғылыми қауымдастықтар) жұмысы туралы толық ақпаратпен қамтамасыздандыру.
- Студенттердің қажеттіліктеріне жедел әрекет ету мақсатында сауалнама нәтижелерін тұрақты түрде талдау процесін енгізу.
- Оқу үлгерімін бақылау жүйесін жақсарту және білім алушыларға жедел арада жеке түрде қолдау көрсету.
- Студенттердің сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру бойынша жұмысты жандандыру.
- Тәжірибе базаларында практикалық бағытталған сабақтарды өткізу.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау.

- Университеттің түлектері мен өңірлік жұмыс берушілер, тәжірибе базаларымен жоғары деңгейдегі өзара әрекеттестігін ескере отырып, «Университет түлектері қауымдастығын» құру.
- Табысты түлектер мен бизнес өкілдерімен байланыс жұмысын жандандыру. Сондай-ақ, саланың өкілдері қатысатын жарнамалық видеороликтер арқылы мектеп оқушылары мен түлектер арасында үздіксіз кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
- Ағымдағы емтихандарды тапсыру кезінде емтихан өткізу формасын таңдауға құқық беру тәжірибесін қолдану.
- Сабақтан тыс уақытта жұмыс іздеу кезінде көмекке мұқтаж студенттерге қолдау көрсету тәжірибесін қолдану.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам.

Стандарт 3. Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы.

- Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми-зерттеу жұмыстары қаржыландырылатын гранттар конкурстарына қатысуын, Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін журналдарда жарияланым белсенділігін күшейту.
- Оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік (жақын және (немесе) алыс) жоғары оқу орындарына бару үшін қаржыландыруды қарастыру.
- Докторанттар үшін шетелдік консультанттарды және тәжірибе өтетін орындарды таңдау әрі келісу процесін жетілдіру.
- Білім беру бағдарламасының бейінді пәндері бойынша дәріс оқитын шетелдік жоғары оқу орындарының оқытушыларын шақыру ауқымын кеңейту.
- Оқу сабақтарында белсенді шығармашылық әдістерді әртараптандыру (кейс-әдістері, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер және т.б.).
- Оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында ғылыми семинарлар мен тренингтерді жүйелі түрде өткізу тәжірибесін қолдану. Сонымен қатар, тиісті білім беру бағдарламаларының бейінді пәндері бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуін жоғарылату.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның интернет-платформалар үшін білім беру контентін (массалық ашық онлайн курстар – МАОК) жасау бойынша жұмысын жандандыру.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның шетел тілін меңгеру кәсіби деңгейін көтеру мүмкіндіктерін қарастыру және ағылшын тілінде мамандандырылған әдебиет әзірлеу мен басып шығару жұмысын жандандыру.
- Профессорлық-оқытушылық құрамның көрсетілім сабақтарын өткізу арқылы жас оқытушыларға оқу сабақтарын жүргізу әдістемесін, тиімді құралдар мен әртүрлі әдістер мен әдістемелік тәсілдерді қолдануды көрсету және сабақ өткізу тәжірибесін тарату.
- Сабақ өткізу барысында әртүрлі интернет-технологияларды қолдану (ғаламдық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалану, оқу процесін жүзеге асыру және басқаруға арналған әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдардың кешенін құру, оқу процесінің субъектісінің орналасқан орнына қарамастан): Socrative.com; Kahoot; Мастер-тест; Prezi.com; 1С: Бухгалтерия-8,4 лицензиялық бағдарламасы және т.б.
- Клиникалық тәлімгерлердің педагогикалық біліктілігін арттыруды қарастыру.

Стандарт 4. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы.

- Докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауға дайындау сапасына бақылауды күшейту.
- Докторанттарға шетелдік консультанттарды таңдау мүмкіндігін беру және шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер тізімін кеңейту.
- Докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің прогресін, оның ішінде жоғары беделді халықаралық журналдарда және уәкілетті органдар журналдарында жарияланымдарды жүйелі түрде қадағалау. Бірінші курсынан бастап шетелдік журналға әсер коэффициенті нөлден жоғары ғылыми мақала жазу және тапсыру тәжірибесін енгізу, осылайша докторантураны аяқтаған кезде кандидаттардың диссертация қорғау талаптарына сәйкес жарияланымдары болу қамтамасыз етіледі.

- Докторанттар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және алынған нәтижелерді өңдеу мақсатында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыздандырумен компьютерлік сыныптар ұйымдастыру.
- Докторанттардың ғылыми-зерттеу нәтижелерін университеттің білім беру процесіне енгізуді жандандыру үшін жағдай жасау.
- Докторанттарды даярлау және бітіру бойынша кафедраның жүйелі жұмысын күшейту; докторанттарды академиялық жазуды жетілдіруде қолдау көрсету және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру.
- Докторанттардың жарияланым белсенділігін дамыту және оларды халықаралық рецензияланатын басылымдарға жарияланым жасауға қолдау көрсету бойынша іс-шаралар кешенін кеңейту.
- Ағылшын тілінде мақалалар жазу бойынша, оның ішінде академиялық стиль мен жарияланым құрылымын ескере отырып, тренингтер мен семинарлар өткізу. Сонымен қатар, халықаралық басылымдарға жарияланымдарға қойылатын талаптарды түсіндіру және журналдарды тандау бойынша кеңестер беру.
- Халықаралық журналдарға жарияланымдар үшін қаржылық және әкімшілік қолдауды қамтамасыз ету: гранттар енгізу немесе жарияланым ақысының өтемін төлеу; редакция жұмысына көмек көрсету (аударма, ресімдеу және т.б.).
- PhD Talks форматында консультациялар ұйымдастыру, яғни шетелде академиялық дәрежесін сәтті алған PhD докторларымен кездесулер өткізу. Мұндай кездесулер барысында докторанттарға диссертацияларды даярлау және қорғау тәжірибесімен танысуға ерекше мүмкіндік беріледі.

Стандарт 6. Оқыту ресурстары және студенттерді қолдау.

Стандарт 5. Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі.

Стандарт 6. Ресурстар.

- Білім алушыларға қолдау көрсету ісін бизнес-процесс ретінде ресімдеу ұсынылады.
- Докторанттарды жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету бойынша жұмысты жандандыру.
- Докторанттардың Scopus/WoS деректер базасында индекстелетін журналдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру.
- Докторанттарды қолдауды күшейту мақсатында университет басқа жоғары оқу орындарымен әртүрлі бірлескен бастамаларды ұйымдастыра алады. Олардың қатарына докторанттардың ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламалары, бірлескен зерттеу жобалары және Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарының докторанттарының қатысуымен өтетін межвуздық семинарлар кіреді. Бұл ғылыми ынтымақтастықты нығайтып, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтеді және докторанттарды даярлау сапасын арттырады.
- Докторанттардың білімін бақылауда кешенді формаларды қолдану қажет.
- Ақтуалды ғылыми ақпаратқа қолжетімділікті жақсарту мақсатында халықаралық кітапханалармен және платформалармен ынтымақтастықты дамыту.
- Оқу аудиторияларын заманауи компьютерлік техникамен, интерактивті панельдермен және лицензияланған бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз етуді күшейту.
- Арнайы қажеттіліктері бар студенттерді инклюзивті тәсіл арқылы қолдауды нығайту. Мүмкіндігі шектеулі, шетелдік және оқу барысында қиындықтары бар студенттердің оқу процесіне сәтті бейімделуі мен интеграциясы үшін қолдау бағдарламаларын әзірлеп, енгізу.

- Студенттердің оқу ресурстарының сапасы мен қолжетімділігіне, сондай-ақ университет көрсететін қолдауға қатысты пікірлерін жүйелі түрде жинақтап, осы аспектілерді жетілдіру мақсатында пайдалану.
- Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тілін ескере отырып, білім алушыларды оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуді жақсарту.
- Жеке оқу жоспарын қалыптастыру барысында эдвайзерлердің студенттермен жұмысын күшейту.
- Студенттерге қолжетімді ресурстар мен академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмысын күшейту.

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру.

Стандарт 7. Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру.

- Университет сайтында жарияланатын ақпараттың мазмұн сапасы мен техникалық безендірілуін бақылауды жүзеге асыру.
- Университет сайтындағы ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру және білім беру бағдарламасының қызметі мен жетістіктері туралы ақпараттандыру арналарының санын кеңейту. Бағдарламаның негізгі ресурстары туралы оқытушылар мен докторанттардың қатысуымен жарияланымдар мен бейнероликтерді, сондай-ақ түлектердің жетістіктері мен серіктестермен өзара әрекеттесу туралы материалдарды енгізу
- Университет сайтында университетте іске асырылатын оқыту тілдерінің барлығында ақпаратты жариялау.

1.5 Жоғары оқу орындарының оң тәжірибесі

Білім беру бағдарламаларын жетілдіруге қатысты әдеттегі ескертулер мен ұсынымдардан бөлек, сарапшылар тобы білім беру сапасын арттыруға тиімді ықпал ететін, басқа жоғары оқу орындары үшін үлгі бола алатын және жоғары білім беру жүйесінде кеңінен таралуға лайық жоғары оқу орындарының ***оң тәжірибелерін*** айқындады.

Аль-Фараби Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

- Кафедрада докторанттардың оқу сабақтарын өткізуге және ғылыми зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік беретін «QS Azia Sertik» ЖШС оқу-әдістемелік орталығының филиалы жұмыс істейді. ҚАЗҰУ
- Докторанттарды екі серіктес жоғары оқу орнында оқыту және «қос диплом» алу мүмкіндігі.
- Магистранттар оқытушылармен бірге ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру аясында ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысады, жарияланымдары бар.
- «UNIVER» ақпараттық жүйесінде индикативтік жоспардың электронды нұсқасы қолжетімді. Бұл жүйе университеттің стратегиялық қызмет бағыттары бойынша әрбір оқытушының қызметін бағалаудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді: оқу-әдістемелік жұмыс; ғылыми-зерттеу жұмысы; әлеуметтік-тәрбиелік және имидждік жұмыс, репутациялық бағалау.

Қ. Құлажсанов атындағы технология және бизнес университеті

- Университет қаражаты есебінен профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру, оның ішінде шетелде де, тұрақты түрде жүзеге асырылады. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби деңгейін жетілдіруге ынталандыру жүйесінің бар екенін көрсетеді, оқытушылардың кәсіби көкжиегін кеңейтуге, тағылымдамалар нәтижелерін (озық

әлемдік тәжірибені) оқу үдерісінде пайдалануға, ғылыми-зерттеу қызметін жандандыруға және соның нәтижесінде жарияланымдық белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

- Студенттердің өндірістік тәжірибесі Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана mebrk.kz, Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың Астана филиалы <https://astana.mtb.kz>, SpringerLink <https://www.springeropen.com>, Биологиялық түрлер энциклопедиясы «Encyclopedia of Life» – <https://eol.org/>, Polpred.com БАҚ шолуы polpred.com базасындағы ғылыми-өндірістік жұмыстар негізінде қалыптасады. Осылайша, білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби тәжірибе базасы жасақталады.

ALT Мұхаметжан Тынышбаев атындағы Университет

- Өндірісте дуальды оқытуды ұйымдастыру, өндіріс қызметкерлерін қонақ дәрістерін оқуға кеңінен тарту.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

- 2023 жылы «Ядролық өнеркәсіпте қолданылатын цирконий қорытпасын гидрленуден және жоғары температуралы тотығудан қорғауға арналған композициялық металл-керамикалық жабын жасау» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды.
- «Инженерлік-техникалық салаларда STEAM-білім беру негізінде студенттерді ағылшын тілінде даярлау үдерісін дамыту» жобасы аясында «Альтернативные источники энергии» пәні бойынша студенттердің зертханалық жұмыстарын жүргізуге арналған STEAM кабинеті (оқу зертханасы) құрылды.
- «Еститін Университет» тұжырымдамасын бастау және ілгерілету.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

- Университеттегі IDlogic өзін-өзі қызмет көрсету станциясы заманауи кітапханалардың оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыруға арналған. Бұл станция арқылы оқырмандар кітаптарды өз бетінше кітапханаға қайтаруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, оқырман өз формулярын тексеріп, қарыздары мен өзінде бар басылымдарды қайтару мерзімін біле алады. Сенсорлық экраны бар және қашықтан (сыртқы) қайтару жүйесі бар бұл станция кітапхана жабық болған уақыттарда да тәулік бойы 24/7 кітаптарды қайтаруға мүмкіндік береді.
- Университет сайты пайдалы әрі түсінікті контентке, кәсіби дизайнға, ыңғайлы навигацияға және интерактивтілікке ие.
- Университет құрылымында докторанттарға қосымша көмек көрсететін Экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының болуы.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

- Жазғы және қысқы мектептер форматында жүзеге асырылатын Lesson Study жобасы профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған, оның ішінде академиялық талаптарды ескере отырып, цифрлық салада және жасанды интеллектіні қолдану бағытында.
- Android және IOS жүйесінде жұмыс істейтін Yessenov Mobile мобильді қосымшасы енгізілген. Yessenov Mobile — студенттер мен университет қызметкерлерінің өмірін жеңілдететін инновациялық мобильді қосымша.

Инновациялық Еуразия Университеті

- Университет «Жастар тәжірибесі» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады, оның аясында жыл сайын ИнЕУ құрылымдарында түлектерге жұмыс орындары ұсынылады.

Алматы технологиялық университеті

- Университетте профессорлық-академиялық құрам, кафедралар, факультеттер мен қызметкерлердің қызметін бағалау рейтингілік жүйесі енгізілген. Оның нәтижелері бойынша жыл сайын профессорлық-академиялық құрам негізгі еңбекақысына қосымша үстемақы тағайындалады. Үстемақы мөлшері ППС-тың қызметке қатысу деңгейіне байланысты белгіленеді.
- Студентке бағытталған оқыту үшін заманауи материалдық-техникалық база қамтамасыздандырылған: “Apple lab” оқу-зертханалық сыныптары, ICT Academy Huawei, VR/AR технологиялар орталығы, Cisco желілік академиясының зертханасы және «Байланыстағы кітапхана» қызметі.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

- 6B07203 «Горное дело», 7M07203 «Горное дело» білім беру бағдарламалары бойынша «Жер туралы ғылымдар мектебі» филиалдарының тікелей пайдалы қазбаларды өндіретін тау-кен кәсіпорындарында ашылуы. Онда теориялық білімді бекіту және тау-кен өндірісінің нақты жағдайларында практикалық дағдыларды меңгеру үшін оқу полигондары мен сыныптар қарастырылған (КазЦинк, Ертіс кеніші).

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

- Білім беру бағдарламаларын жүргізетін профессорлық-оқытушылық құрам Бейнежазба студиясы негізінде жеке пәндер бойынша медиа-курстар жазып, оларды білім беру порталында орналастырады. Қашықтықтан оқитын студенттер платформада жарияланған барлық медиа-курстарға қол жеткізе алады;
- «Парасат» ақпараттық-білім беру орталығының жаңа сайты әзірленді. Бұл сайт профессорлық-оқытушылық құрамға жаңа кітаптар мен журнал мақалаларын онлайн тапсырыс беруге, қордағы басылымдарды іздеуге және толық мәтінді базаларға — Электрондық кітапханаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

- Оқытушылар интерактивті жаттығулар, ойындар, кроссвордтар мен викториналар жасау үшін қызметтерді пайдаланады - Quizizz (сауалнамалар мен викториналар құруға арналған қызмет), cross (онлайн режимінде дайын сөздерден кроссворд жасауға арналған қызмет), Crosswordus (әр түрлі типтегі кроссвордтар жасауға және шешуге арналған қызмет), Flippity (жасауға мүмкіндік беретін онлайн-қызмет Google Sheets негізіндегі ойын жаттығулары).
- Университет жас зерттеушілерге 1 миллион теңгеге дейінгі ішкі гранттар бөледі, бұл олардың ынтасын арттырады және гранттарды тиімді пайдалану арқылы зерттеушілерге ғылыми тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Қазақстан-Американдық еркін университеті

- Профессорлық-оқытушылық құрамды қосымша материалдық ынталандырудың формаларына университет есебінен олардың Қазақстан ішінде және шетелде біліктілігін арттыру курстарына жіберілуі, университеттік журналдарда — «ҚАЕУ хабаршысы» және «KAFU Academic Journal» — ғылыми мақалаларды тегін жариялау мүмкіндігі, сондай-ақ оқу және оқу-әдістемелік құралдар мен монографияларды университет есебінен шығару жатады.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университет

- Университетте студенттердің қызығушылықтарына сәйкес әртүрлі бағыттағы 39 студенттік клуб жұмыс істейді, олардың көпшілігін кәсіби мамандар басқарады.

- Білім беру бағдарламаларының элективтік пәндер блогы ғылыми зерттеулер негізінде әзірленген профессорлық-оқытушылық құрамның авторлық курстарынан құрастырылады.

Торайғыров университеті

- Университет жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми жетістіктері және адалдығы үшін профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлерді марапаттаудың тиімді жүйесін әзірледі, сондай-ақ оқытушылардың біліктілігін арттыру және ғылыми-зерттеу тағылымдамаларын ұйымдастыру жүйесі толықтай жұмыс істейді.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

- Халықаралық Тараз инновациялық институтының ішкі білім беру порталында sirius.htii.kz студенттерге қызмет көрсету орталығы іске қосылған, ол қажет құжатқа онлайн өтініш беруге және өтініш беруші көрсеткен электрондық поштаға немесе қолмен жауап алуға мүмкіндік береді; сондай-ақ, мекеме басшыларының ЭЦҚ арқылы және мекеме мөрін QR арқылы рәсімдеу жүзеге асырылған.

Астана халықаралық университеті

- Мектеп базасында ART club (Instagram: [aiu.artclub](https://www.instagram.com/aiu.artclub)) жұмыс істейді, оған қатысу студенттердің бейімделуін және әлеуметтенуін жеделдетуге, өзін-өзі көрсету дағдыларын дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге ықпал етеді.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

- «Виртуалды қабылдау комиссиясы» бөлімшесі абитуриенттерге priem.auezov.edu.kz интернет-сайты арқылы онлайн өтініш беруге мүмкіндік береді, бұл құжаттарды тапсыру процесін жеңілдетеді және жылдамдатады.
- Университет базасында жыл сайын онлайн форматта халықаралық қысқы және жазғы мектептер өткізіледі, олар шетелдік және қазақстандық университеттердің тыңдаушыларын біріктіреді; мектеп спикерлері ретінде Еуропа мен Азияның жетекші ғылыми орталықтары мен оқу орындарының мамандары қатысып, өздерінің ғылыми бағыттары бойынша өзекті мәселелерді ұсынады.
- Оқушылар арасында адалдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мотивациялық «адалдық лекциялары», *реша-куча* және TEDx форматындағы кездесулер, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнебаяндар мен жобалар конкурстары өткізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Өткізілген сыртқы эксперттік топтардың есептерін талдау барлық білім деңгейлерінде проблемалық аймақтарды анықтады.


- Барлық білім деңгейлерінде ортақ проблемалық аймақтар ретінде *студентке бағдарланған оқыту, оқыту мен бағалау, профессорлық-оқытушылық құрам анықталды*; бұл жоғары оқу орындарында осы салаларды жүйелі түрде күшейту қажеттілігін көрсетед
- Бакалавриат және магистратура бағдарламаларында *оқыту ресурстары және студенттерді қолдау* саласына да назар аудару қажет.
- Докторантура бағдарламаларында *Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы, Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру* саласына аса зор назар аудару керек.

Бұл жоғары оқу орындарында аталған салалар бойынша жүйелі жұмыс жүргізу және сыртқы эксперттік топтар ұсынған ұсыныстарды іске асыру қажеттілігін көрсетеді.

2. Оң тенденция ретінде барлық аккредиттелген бағдарламалардың дерлік *Стандарт 1 — Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдыққа* тұрақты сәйкестігі атап өтуге болады, яғни бұл жоғары оқу орындарының күшті жақтарының бірі болып табылады.

3. Айта кету керек, сыртқы эксперттік топтардың ескертулері жасалған ұсыныстармен тығыз байланысты, яғни эксперттік қорытындылар тек проблемалық аймақтарды анықтап қана қоймай, олардың шешім жолдарын да ұсынады. Сол уақытта сыртқы эксперттік топтарға мынадай ұсыныстар берілген:

- Ұсыныстардың құрылымын келесі түрде стандарттау қажет:



- Ұсыныстардың сапасын нақтылау арқылы арттыру қажет: жалпы сөздер «жұмысты күшейту», «жұмысты жандандыру» орнына нақты қадамдарды ұсыну керек, мысалы, «тәжірибені енгізу», «құжат әзірлеу» және т.б.
- Жоғары оқу орнының оң тәжірибелерін сипаттау кезінде олардың бар екенін тек қана атап өту жеткіліксіз, сол тәжірибенің ерекшелігін және іске асыру механизмдерін жан-жақты көрсету қажет. Бұл басқа университеттерге осы тәжірибені өз іс-әрекетіне бейімдеп енгізуге мүмкіндік береді.